

мен ерекшеленеді. Құрмалас сөйлемде компоненттердің бір-біріне өзара бағытталған тіркесімен ғана берілетін предикаттылық пайда болады. Сонымен салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің қызметі предикаттылықты көрсетуде тең дәрежеде қатысу болып табылады.

4. Аралас құрмалас сөйлем.

Мысалы: *Тап сол күні аң қатыдан шыққан жолаушылар Теректіден үлкен бір селоның шетіне төніп келгенде, сіркіреп ақ жаңбыр жауып өтті де, електің бетіндей бұжырланып, жол шаңы шөгін қала берді.*(Қ.Е)

Аралас құрмаластың құрамында кемінде үш компонент болады, олар салаласу арқылы әрі сабақтасу арқылы байланысады. Аралас құрмалас сөйлемнің көп басыңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнен айырмашылығы сыңарлардың байланысу ерекшелігінде. Көп басыңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің басыңқы компоненттері бағыныңқы компонентпен жарыса байланысады. Аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы сөйлемдер бір-бірімен сатылана байланысады. Ерекшелігін осыдан байқауға болады.

Бұндай сөйлемдерді талдағанда алдымен құрмаластың құрамын, құрылымдық ерекшеліктерін, компоненттерінің байланыстарын, мағыналық қатынастарына назар аударуымыз керек. Сөйлемнің морфологиялық құрамымен байланысты талданса, сөйлемнің грамматикалық табиғаты кеңінен ашылады. Бұндай талдауды құрмаластың жасалу жолын, түрлерін, компоненттерінің қарым-қатынасын, орын тәртібін талдап барып талданса, толық талдауға қол жеткіземіз. Мысалы: *Қазан асылған соң, тезек мол жағылып, от қызуы үй ішін ысыта бастады. Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттан алған төртікті өзі тағы бір айтып, аз ойланып бас шайқады*(М.Әуезов)

Бұлар көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер. Мұнда бірнеше бағыныңқы сыңар бір-бірімен байланысып, тізбектеліп, сатыланып барып басыңқы сыңарымен байланысады. Бұндай сөйлемдерді сатылы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз. Сөз тіркестерінің құрылысы мен сөйлемдердің құрылысын салыстыра отырып талданса, барынша түсінікті болады. Сөйлемді бұлай талдау полипредикативтік бірліктердің мүмкіндігі және предикативтік күрделенудің шегі туралы мәселені және көп компоненттік құрылымның мағыналық түсінігін жетілдіру құралдары туралы мәселені қарастыруға жол ашады. Жаңа предикативтік бірліктермен күрделену қабілеті құрмалас сөйлемнің табиғатында бар және бұлар қарым-қатынас үдерісі кезінде байқалады.

Бір-бірімен берік байланысқан компоненттердің синтаксистік мағыналары және олардың қызметтерін компоненттердің орналасуы мен шылау сөздердің көмегі арқылы берілуі олардың формасын және берілу тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Құрмалас сөйлемнің сыңарларының тұлғасы мен қызметтерін талдау құрылымдық синтаксистік қатынасты екі қарама-қарсы типке, салалас және сабақтасқа, алып келгенмен, көп компонентті құрмалас сөйлемді жете түсінуімізге өз септігін тигізеді.

Resume

In the article is consicleked multicomponent compound sentences and given an analysis of their.

СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ВАРИАНТТАРЫ

А.Қайыпбаева, Нурсейтова А.А.

Қазақстан, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Сөз мағынасының кеңеюі мен тарау заңы да сыртқы дыбысталуының өзгеруінсіз болады. Лексикамызда бірқатар сөздер мағынасының кеңеюі арқылы жаңа мағынаға ие болады. Мысалы: қатынас деген сөз Октябрь революциясына дейін әрі сирек, әрі тар мағынада, яғни барып-қайту дегеннің орнына ғана айтылатын. Өйткені, ол кездегі тұйық шаруашылық – осы күндегідей, кең көлемде қолданылатын жағдай жасаған емес. Осы сөз Октябрь революциясынан кейінгі кезде мағынасын кеңейтті. Ол өте жиі қолданылатын сөзге айналды.[1.207 б.]

Өйткені, қазір қатынастың толып жатқан түрлері бар. Мысалы, әуе қатынасы, су қатынасы, жер қатынасы, радио, телефон қатынасы т.б. Сонымен бірге, қатынас – кеңсе хабарлары жазылған арнаулы қағаз.

Немесе ерте кезде құрылыс деген *құру*, *құрылу* деген етістіктер мағынасында ғана қолданылса, кейін Совет елінде социалистік құрылыс қанат жая бастағанда, ол сөздің мағынасы кеңейіп, *құрылыс*, *құрылым* дегенді туғызды. Мысалы, *Бүкіл елімізде өнеркәсіптің жаңа алып құрылыстары жүргізілді.* («Социалистік Қазақстан» газеті).

Өнім деген сөз бұрын малдың төлдеп өсуіне ғана қолданылса, осы күнде оның мағынасы кеңіп, сан түрлі табыстың өнімін білдіретін болды. Мысалы: Мақсат – ауыр еңбекті жеңілдетіп, өнімсіз еңбекті өнімді етпек қой. (Ғ. Мұстафин). Әкесі адаспай өткен жылы егіннен мол өнім алған.

Мағынаның тараюы мағынаның кеңею заңына қарама-қарсы келеді. Мағынаның тараюы – адам ұғымының жалпылықтан жалқылыққа қарай бейімделуінен болады. Мысалы, көне түркі тілінде тон, тары, қол деген атаулар тым кең мағынада қолданылған. Тон жалпы киім деген ұғымды білдіріп, сырт киім, іш киім – бәрі де осы сөзбен қамтылатын болған. Тон тозар, көңіл тозбас (мақал); Тонға қара жағылды. Бұл тон деген сөз киім мағынасы.

Қазақ тілінде сөздің белгілері туралы да көптеген ғылыми пікірлер қалыптасқан (Қ. Аханов, Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев, Ә. Хасенов, М. Оразов т.б.) Соларды жинақтай келе, мына белгілерді атап көрсетуіміз қажет:

Сөз – номинативтік бүтін бірлік, қанша тұлғадан құрылса да, тұтас, бүтін бірлік ретінде танылып, бір екпінмен айтылып, бір ғана заттың атауы болады:

Сөз – дыбыстық құрылымнан тұратын бүтін бірлік; яғни бір не бірнеше дыбыс сөздің таңбалық сипатын жасайды, бүтіндігін қамтамасыз етеді. Мұның өзі оның лебіздегі ым мен ишарадан айырмашылығын танытады. Яғни, сөзбен берілетін ақпарат – дыбысталады, ыммен, ишарамен берілетін ақпарат қимылмен көрсетіледі;

Сөз – дербес мәнді бүтін бірлік, қазақ тіліндегі әрбір сөз болмыстағы жеке ұғымды анықтайды, бір ұғымды екі сөзбен атау (кейбір жергілікті тіл ерекшелігі ретінде танылатын говорлық бірліктерді есептемегенде: *этеш - қораз*) кездеспейді;

Сөз – даяр қалпында жұмсалатын бүтін бірлік, лебізде сөйлемді ойланып айтамыз, әр сөзді талдап-таңдап пайдаланамыз, ал сөз даяр қалпында қолданысқа ие болады, сөздің жасалуы ұзақ тарихи процесс, ол сәтте жасалатын құбылысқа жатпайды:

Сөз – семантикалық валенттілікке ие бүтін бірлік, яғни тілде және лебізде сөздердің тіркесуін, сөйлемнің құралуын ішкі мағыналық құрылымы мен мазмұны реттеп отырады. Тұлғалар өзара ішкі мәні мен мағынасына байланысты ғана тіркесіп, қарым-қатынас жасаудың негізгі құралына айналады. Егер сөзде мұндай қасиет болмаса, лебіз мәнсіз болар еді;

Сөз ішкі мағыналық тектілікті сақтаушы бүтін бірлік. Бір буынды сөздерден жасалатын кез келген лексикалық мағына беретін номинативтік бірліктер өзінің ішкі мағыналық құрылымында әуелгі мағынаға сіңген тектілікті, генетикалық архисеманы сақтаушы. Бас-басшы-басшылық-басшылықтар;

Сөз дыбыстық жамылғыш пен мағынаның бірлігінен құралады. Ф. де Соссюр сөздің бұл қасиетін бір парақ қағазбен салыстырады, парақ қағаздың бір бетін екінші бетінен ажыратып бөлуге, жыртуға, қиюға болмайтыны сияқты, дыбысты мағынадан, мағынаны дыбыстан ажыратуға болмайды деп түсіндіреді. [5.102 б.]

Сөз – сөз жүйесінің негізгі бірлігі, сондай-ақ оның кіші элементарлық бірлігі санатына лексика-семантикалық варианттар жатады. Лексика-семантикалық варианттар дегеніміз – бір сөздің грамматикалық тұлғалануы нәтижесінде жасалатын сөзтұлғалар. Лексика-семантикалық варианттар – мағыналары бір, тұлғалық өзгешелікке түсіп, сөз тұлға құраған лебізге тән бірліктер.

Тілдегі тұрақты сөз тіркестері тілді көркем, айшықты айтудың бір тәсілі болса, ендігі бір артық белгісі сөзді неғұрлым дәл нақты береді. Мысалы: «тез» деген мен «көзді ашып-

жұмғанша» тіркесінің мағынасын бірдей дей алмаймыз. Жылдамдықтың соншалықты күштілігін сөзден гөрі тұрақты сөз тіркесі дәл ашып тұр.

Жаугершілік заманда жауынгер ұрыста өзі жеңген жауларының басын кесіп, қанжығасына байлап алатын көрінеді. «қанжығаға байлады», «қанжығасында кетті», «қанжыға майланды», «қанжығаң қан болсын», «қанжығада жүрді» тіркестерінің тарихын аңыз осылай шертеді.

Әр істің, әр заттың қадір-қасиеті болады деген халық нені болсын қадірлеуді қалап, қиратып, жоюды, сындырып, шағуды хош көрмеген. Бұдан «киесі ұрады», «киесі атады» деген тіркес қалған.

Берілген тірек сөздерден қандай адамдар сипатталып тұрғанын анықтау қиын емес.

1. Тілдің майын тамызу, аузының желі бар, тілі мірдің оғындай, тілінің уыты бар, ауызы дуалы, аузын айға білеген, аузымен құс тістеген, топ жарған.

2. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен, аузын бұған өгіздей, жұмған аузын аша алмау, қой аузынан шөп алмау.

3. Аузына құм құйылу, үні өшу, дымы құру, тілі байлану.

4. Сөзге қонақ бермеу, сөзге дес бермеу, ұйып тындау, сөзге тоқтау.

5. Тілі мен жағына сүйену, сөзінде пәтуә болмау, аузымен орақ ору, тілін безеу, сөзді көпірту, көк езу болу.

6. Аузы-мұрны қисаймай сөйлеу, су жұқпас болу, бет-аузы бүлк етпеу, сөзді судай сапыру, жүзі жанбау.

7. Бет жырту, ә десе мә деу, бет бақтырмау, тілін безеу, қара аспанды төндіру, қызыл өңеш болу.

8. Қаңқу сөз, алып-қашпа сөз, қауесет сөз, сыпсың сөз, суық сөз. /Р.С./

Лексика – семантикалық варианттарды пайдалана отырып, тұлғалық өзгерістерге түсіріп, бір ғана «сөз»есімімен байланысты адамның бірнеше жағымды, жағымсыз қасиеті анықталады.

Экстралингвистикалық күштердің ықпалымен лексикалық өзгерістердің оның ішінде прогресстік /ілгері,он/ дамудың да, регрестік көріністердің де болып жататын тұстары сол тілді пайдаланған қоғамның өміріндегі әлеуметтік, саяси, мәдени өзгерістерге, тіпті саяси әлеуметтік дүмпулерге қатысты болып келетіндігі айтылады. Тілдің лексикалық құрамының толығы, молаю процесіне негізінен екі түрлі фактор себепкер болады. Бірі-сыртқы, яғни, тілдің құзырынан тыс факторлар, мұны тіл білімінде экстралингвистикалық факторлар деп атайды.

Оқытушының тілдік қоры мол, жан-жақты білімді, ұтымды пікір, ойға тоқтай алатын, шыншыл, ізденгіштік қасиеті болса, кез келген аудиторияны игеріп алатыны сөзсіз. Оқытушының сөзі монологтардың бірі. Бұның өзі іскерлік, ғылыми, көркем стильде болуы мүмкін. Ойды жеткізуде тақырып пен ортаға қарай анықталған стиль оның амал тәсілдерін де ашады. Қажетті жағдайға қарай диалог құра білу аудиториямен қарым-қатынас жасауға қатысты. Аудиториямен қандай формада әңгімелесуге болады, қай уақытта екенін де білудің маңызы зор екені белгілі [4.107 б.]. Ендеше, оқытушыға қойылатын басты талап-қабілет – қарымын, білім-білігін шығармашылықпен байланыстыра алуында. Оған қойылатын басты талаптар- белгілі бір тақырып бойынша білім жинау, қажетті әдебиеттер іріктеу, жинақталған әдебиеттерді оқып игеру, жоспар жасау, сөздің жазбаша мәтінін әзірлеу, аудиториямен жұмыс істей білу, уақытты дұрыс пайдалана білу, тыңдаушылар сұрақтарына жауап беру, қазіргі техника құралдарын қолдана білу. Ол терең білімді, ақпаратты игеруші әрі оны талдап, тыңдаушыға қажеттісін, сұранысына қарай талқылап жеткізуші. Сондай-ақ даусы жағымды, сөз арасындағы екпін, кідірістің дұрыс қойылуы, ым-ишараны орнымен қолдана алуы, өзін-өзі әдепті ұстай білуі де оқытушының тыңдаушылармен арасын жалғастырады. Осы аталған ерекшеліктерді толығымен игеру еңбекті, төзімділікті, ақылды, білімді қажет етеді. Оқытушыға қойылатын басты талап-сөз сырының тереңіне үңілу.

Әдебиеттер:

1. Ә.Қайдар Тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998. 300 б.
2. І.Кеңесбаев Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері // Қазақ тілі. Алматы, 1954. 196 б.
3. І. Кеңесбаев Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. – 712 б.
4. Х.Қожахметова Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 1972. – 112 с.
5. Р.Сыздықова Абай шығармаларының тілі. – А., 1968.-335 б.

Annotation

The article reveals the question of lexica – semantic variants of words.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖАЙЛЫ БІРЕП СӨЗ

Калиева Б.У.

Қазақстан, Семей қ., №27 ЖОББМ

Ағылшын тілін игертуде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдістемесі үшін грамматиканың, әсіресе жай сөйлем синтаксисінің маңызы зор. Өйткені жай сөйлем синтаксисі жеке ұғымдарды білдіретін сөздердің дұрыс қиысып, меңгеріліп, сөйлем құрауы, сөйлемдердің дұрыс байланысып, құрмалас сөйлем құрауы, ойды анық, түсінікті түрде білдіру үшін бірыңғай мүшелердің қолданылатыны, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі т. б. осы бөлімде қарастырылады. Өйткені сөйлеу тілін дамыту жұмыстарында жеке–жеке сөйлемдер қарастырылып қана қоймайды, сонымен қатар тұтас мәтін жасалады. Мәтін белгілі бір оқиғаны баяндайды сондықтан ондағы әр түрлі жағдайларға, мақсатқа, айтушы яки жазушының көңіл- күйіне қарай әр сөйлемнің құрылысында, сөз қолдануында ерекшеліктер болады. Осыған байланысты, тұтас мәтін синтаксисі келіп шығады. Тұтас мәтін синтаксисі стилистика және әдебиет тану ғылымдарымен байланысты.

Ағылшын тілінен тіл дамыту жұмысында мақал – мәтел және сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құратудың да пайдасы зор. Мұғалім бұл жұмыс түрі арқылы оқушының ойын көрікті айта білуге, мақал – мәтелдердің тіліміздегі көркемдік ерекшелігін, оның тәрбиелік мәнін ұғуға деген дағдыны қалыптастырады.

Оқушы мақал – мәтелдерді кірістіріп сөйлем құрау арқылы олардың идеялық – көркемдік ерекшелігін танып біледі. Сондықтан оқушы мақал – мәтелді қолданып сөйлем құрау арқылы еңбекке, білім алуға, өнерге, жақсы әдеттерге үйір болуға, жаман мінездерге безуге, ұқыптылыққа, тазалыққа, достыққа, шындыққа байланысты нақыл сөздерді үйренуге жақын болады. Мысалы, оқулықтардан, дидактикалық материалдарын достық, оқу- білім, өнер, еңбек, елі, жері. Отаны, адамгершілік жөніндегі мақал – мәтелдерді тапсырып, оның мағынасын қалай түсінетінін айтқызып, шығарма жұмыстарында пайдалануға бағыт беру қажет.

Ағылшын тілін оқыту үрдісінде тіл дамыту жұмысында күнделік жаздыртудың да үлкен мәні бар. Оқушылар өз бастарынан кешкен оқиғаларын, өмірінде қандай қызықты жағдайлар болғанын қуаныш, ренішін, қандай кітап оқығанын, көрген кинофильмдерін, табиғат құбылысы, ауа райы жайында байқағандарын күнделікке жазып отырудың үлкен тәрбиелік мәні бар. Күнделік жүргізу оқушының сауатты жазуына, ойын жүйелі құрастыруына дағдыландырады, оқушының каллиграфиялық төселуіне де септігін тигізеді. Бұл жұмыс түрі көп қолданыла бермейді. Сондықтан бастауыш сыныптарда бірте –бірте ол жұмыс түрін күрделендіре жүргізу қажет.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.